

**«ПЕДАГОГ ЖӘНЕ ОҚУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН
ДАМУ МӘСЕЛЕСІ»**

**«ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА УЧИТЕЛЯ
И УЧАЩИХСЯ»**

**ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ҰСТАЗДЫҢ
ШЕБЕРЛІГІ**

*Азизқызы Нұрила
Тарих және өнер факультеті,
музыкалық білім мамандығының
3-курс студенті
Есмаганбетова Ш.К. ҚМПИ,
Өнер кафедрасының аға оқытушысы*

Қоғамның мәдениетін, әлеуметтік, рухани өмірін дамытуда әр адамның жеке тұлғасы, азаматтық келбеті, адамгершілігі отаншылдығы, ұлтжандылығы, еңбекке деген шығармашылық қабілеті мен белсенділігі шешуші роль атқарады. Жас ұрпақты осындай тұлға етіп тәрбиелеуде шебер ұстаз - жетекшінің атқарар жүгі мол. Әрине, бұл жолда тәлім –тәрбие ісін жаңаша ұйымдастыру, жаңа тәрбие бағдарламалары да, тәрбие құралдары да, техникалық жабдықтар да қажет, әрі мәнді. Бәрінен де жас ұрпаққа рухани дүниені дұрыс танытатын, адамдықтың, әлемдік мәдениеттің шырқау шыңына бағдарлайтын музыка пәні мұғалімінің эстетикалық тәрбие берудегі орны бөлек.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз - жас ұрпақты өмірдегі, күнделікті тұрмыстағы, еңбектегі, табиғаттағы және әдебиет пен өнердегі әсемдікті, сұлулықты, асқақтықты, азаматтықты, адамгершілікті дұрыс қабылдап, түсініп бойына сіңіре білуге, әділ бағалауға, тіршілікте іске асырып отыруға баулу, әсемдікті тани, жасай білуге үйрету. Эстетикалық тәрбиенің мақсаты- әр адамның ақыл- ойын, әсемдік жөніндегі сауаттылығын арттырып, мінез- құлқының, тән мен жанның қалыптасуына ықпал ету. Жасампаздықты мұрат тұтып, өзінің тұрмысын, мінез - құлқын, адамдармен қарым- қатынасын, ұйымдастыра білу қабілетін, қиялын, эстетикалық талғамын дамыту. Эстетикалық тәрбие жан- жақты дамыған, еңбек сүйгіш, достыққа берік, жаны сұлу, әдепті жастарды тәрбиелеудің басты бір саласы.

Эстетикалық тәрбие - кең ұғым. Ол әсемдікті сезе білуге тәрбиелейді. Эстетикалық тәрбие көркемөнер құралдары арқылы ғана емес, қоғамдық өмірдің, оқудың, еңбектің, табиғаттың әсемдігін тану кезінде, адамдармен қарым- қатынас үстінде тәрбиеленеді.

Көркемдікке көркемөнер құралдары арқылы тәрбиеленеді. Көркемдікке тәрбиелеу эстетикалық тәрбиенің негізгі құрамдас бөлігі.

Эстетикалық даму дегеніміз жас ұрпақтың эстетикалық нәр алуға мүмкіндік тудыратын сезім мүшелері мен шығармашылық қабілетін ұштау, өмірдегі, көркемөнердегі әсемдікті түсінуіне, оны қабылдауына педагогикалық жағынан ықпал ету арқылы адамның эстетикалық сезімін дамыту.

Эстетикалық сезім - дегеніміз өмірдегі көркемөнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәр алу, толқу, рахаттану. Ол – адам табиғатына ғана тән жоғары сезім.

Ғалымдар эстетикалық тәрбиені қоғамдық - мәдени өмірдің жан- жақты дамуымен байланыстыра қарайды, сондай-ақ өткен дәуірдің алдыңғы қатарлы дәстүрі мен тәжірибесіне сүйенеді. Әсемдік болмыста объективті түрде өмір сүреді, адам өзінің шығармашылық қызметінде өмірді және оның әсемдігіні сәулелендіреді. Адамның әсемдікті сезе, тани білу қабілеті әсемдікті жасауға қатынасы оның сезім байлығы мен эстетикалық мәденитінің даму дәрежесіне байланысты.

Эстетикалық тәрбие өмір құбылыстарын терең қабылдауға, білімге құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Байқағыштығы мен әсерленгішітігін (қуану, қобалжу, әрі- сәрі болу, қайғыру) тереңдетеді. Эстетикалық әсерлену әсемдікті қабылдауға ғана негізделіп қоймайды, өнер шығармасының мазмұны мен идеясын терең түсінуге де негізделеді. Бұл эстетикалық тәрбиенің ақыл - ой, адмгершілік, еңбек, тән тәрбиесімен тығыз байланыстылығын байқатады.

Көркем шығарманы, табиғат әсемдігін, адамның жақсы тәртібін, тамаша мінез - құлқын көріп сүйсіну, қабылдау адамның адамгершілік парасатына үлкен әсер етеді.

Әсемдікті сезіну адамның өмірін байытып, бір- біріне достық қарым- қатынасын, жақсылық істеуге талпынысын, белсенділігін тудырады. Эстетикалық тәрбиені бала дамуының алғашқы сатысынан бастау жан- жақты жарасымды дамыған ұрпақ тәрбиелеудің алғы шарты.

Эстетикалық тәрбиенің міндеттері :

1. Жастардың эстетикалық қабылдауын жүйелі түрде дамыту. Осының негізінде қоғамдық өмір мен айналаны терең таныту және олардың адамгершілік бейнесін қалыптастыру. Олардың зейінін өмірдегі, табиғаттағы, еңбектегі, адамдардың тәртібі мен іс- әрекетіндігі, тал бойындағы әсемдікті көре білуге аудару, өмірдегі шын әдемілікті жасанды әдеміліктен ажырата білуге, оны дұрыс бағалауға үйрету.

2. Жастардың эстетикалық түсінігі мен құштарлығын, сезімталдық қабілетін дамыту. Эстетикалық жан құбылысын тудыратын қуану, қайғыру, қобалжу, әсерлену, бейжай болу, көркемдікті қабылдауда шығармада бейнеленген кейіпкердің қуанышы мен ренішіне, табысына бірге қуанып, бірге қайғырып әсерленуін, көңіл- күйінің толқуын дамыту.

3. Жастардың көркемдік талғамын тәрбиелеу. Оларды жақсы мен жаманды, сұлулық пен кейіпсіздікті, нәзіктік пен дөрекілікті, бір түстілік пен ала- құлалықты ажырата білуге, өлең, ән, музыка, бейнлеу өнері шығармалырының не себептен ұнамайтынын аңғара білуге үйрету. Эстетикалық талғам- өте кең түсінік. Ол өнер шығармаларын түсініп, нәр алу ғана емес сонымен қатар табиғаттың, өмірдің, еңбектің, тұрмыстың, киімнің әсемдігін түсіну және бағалай білу.

Талғамды дамытуда оқыту ісі ерекше роль атқарады. Сабақта оқушылар көркем әдебиет, музыка, бейнелеу өнері туындыларымен танысады, әсемдік әлеміне саяхат жасайды, содан рахаттанады, түсіну, көру, сезу талғамы қалыптасады, бұл адамның рухани дүниесінің баюының негізі.

4. Жастардың күшіне сай өзін өнерде көрсете білу қабілетін, айналаға қажетті әдемілік жасауға талпынысын тәрбиелеу, көркемдік- шығармашылық қабілетін дамыту.

5. Эстетикалық тәрбиенің тағы бір мәнді міндеті жас ұрпақты мамандығына қарамай, өмірдегі, табиғаттағы әсемдікті қорғауға, бағалауға, сақтауға, молайтуға үйрету.

- Табиғаттағы әсемдікті өнердегі көрсеткіштер - ескерткіштер мен сәулет өнері туындыларын көзінің қарашағындай етіп аялауға баулу. Бұл адам еңбегін бағалауға, Отан, табиғат байлығын ұқыпты қарауға үйрету.

Қоршаған дүние, табиғи орта, күнделікті тұрмыс эстетикасы, табиғаттан, өмірден алған әсері, көркем әдебиет шығармалары, музыкалық туындылар, бейнелеу өнері, мерекелер мен сауық кештері, қарым- қатынас жасап араласып жүретін адамдардың моральдік бейнесі, тәртібі, қазақ халқының салт- дәстүрі эстетикалық тәрбие құралының тиімді түрлері болып табылады.

Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, сезіміне ықпал етуде атап өткеніміздей халықтың салт- дәстүрі, әдет- ғұрпы, музыкалық шығармалары, ән- күйлері, аңыз- күйлері, мақал- мәтелдері, жыр- дастандары, қолданбалы өнері, ою- өрнектері т.б. эстетикалық мәні бар өнер шығармалары пайдаланылады.

Қазақтың халықтық педагогикасында музыкалық- эстетикалық тәрбиенің құралдары сан алуан. Халқымыз “Ақылды болсаң, ән тыңда”, “Ән - көңілдің ажары”, “Ауылдың алты ауызы”, “Қонақ кәде” айту, күй шерту, күй жарысы, айтыс, терме айту, сазды ойындар ойнау, би билеу сияқты құралдары отбасында, мерекелерде, той думандарда т.б. салт-дәстүр арқылы тәрбиелеген.

Оқушыларды концерттерге, театрға, киноға, көрмелерге ұжымды түрде баруын ұйымдастыру мұғалімнің сыныптан тыс дәстүрлі шараларына айналған.

Тағы бір сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруда кітапханалардың үлесі өте зор. Олар музыка және музыканттар туралы, театр және кино актерлері, әнші, күйшілер туралы көрмелер ұйымдастырады. Мысалы: “Ұлы дала күйшісі-Құрманғазы”. Соған байланысты көрме ұйымдастырылып, оған өмірбаяны, күйлері және күйлерін жеткізуіш шәкірттері туралы мақалалар көрсетіледі.

Барлық мектептен тыс мекемелердің мақсаты- балаларды әсемдік әлеміне, мәдениет жетістіктеріне тарту, тұтас алғанда шығармашылық қабілетін дамыту, жан- жақты дамыған жеке адамды тәрбиелеу. Ал мұның өзі үйірмелердің алуан түрі : хор, вокал, би, аспаптық, оркестрлік үйірмелер арқылы жүзеге асады. Олар оқушылардың музыкалық даярлығын тереңдетудің аса маңызды факторы болып табылады.

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тіршілігі ішінде балаларды тәрбиелеудің өзіне тән тәжірибесін жинақтап, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде өзінше талаптар қойды. Оның ішінде музыкалық эстетикалық тәрбие алуан түрлі тәсілдермен жүргізіліп, педагогикалық ықпал жасау әдістері көп болды. Бұл тәсілдер яғни тәрбие берудің әдістері айналадағы табиғат, күнделікті еңбек, халық ауызекі әдеби және музыкалық творчествосы, ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар арқылы ұрпаққа музыкалық тәрбие берудің құралы қызметін атқарып келеді. Музыкалық жазуы, музыкалық оқу орындары мен мамандары болмағандығына қарамастан, қазақ халқы музыкалық қабілетін, ұнаған музыкалық немесе әдеби шығарманы бірден қағып алуға мүмкіндік беретін есте сақтау қабілетін дамытып, ұрпақтан- ұрпаққа тәрбиенің бұл түрін жеткізіп келеді. Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың ішінде халық музыкасын оқыту және соның өзін тәрбиелеу процесіне пайдалану әдісін тиімді қолдана отырып “Қазақ халқының ән өнері” деген бағдарламамен факультативтік курстар ашуға болады. Бұл факультативтің басты мақсаты- оқушыларды қазақ халқының халықтық ән жанрымен таныстырып, халықтық музыканы сүйуге тәрбиелеу.

Осындай мектеп пен мектептен тыс мәдени мекемелердің оқу тәрбие жұмысының маңызды түрінің бірі- музыкалық лекторийдің тәжірибесінде педагогика саласында баршаға танымал түсіндіру, әңгімелесу, лекция - концерт, қызу пікірталастар, жарыс, педагогикалық байқау және т.б. басқа тәрбие әдістерін қолданылады. Әсіресе, жоғарыда аталған педагогикалық жарысу әдісі мектеп оқушыларының мектепішілік, мектепаралық, Республикалық “Әнші болғым келеді”, “Сиқырлы қазан” жарысында өте ұтымды пайдаланылады. Осындай жарыстармен бірге музыкалық кештер, тақырыптық концерттер, лекторий, диспуттар мен сыныптан тыс мәдени ағартушылық “Қыз сыны”, “Жігіттің сұлтаны” сияқты жаңа сипаттағы т.б. ойын- жарыстары, байқауларын өткізе отырып, музыкалық бағыт- бағдар ғана қоюмен шектелмей, олардың музыкалық тәрбие деңгейлерінің өсуіне көмектеседі.

Сыныптан тыс өтілетін жұмыстардың тәрбиелік пәрменділігі оқушылардың жас шамаларына, өзіндік жеке дайындығына байланысты.

Эстетикалық тәрбиеде, сонымен бірге оқушылардың өлеңдерді, әндерді, әңгімелерді, ертегілерді қайталап қабылдау әдістері пайдаланылады.

Көріп отырғандай, эстетикалық тәрбиенің оқу процесіндегі мүмкіншіклетір ұшан-теңіз. Оларды тек пайдалана білу керек. Дегенмен де өнермен тікелей байланысты шешуші роль оқу сабақтарына байланысты.

Өнер адам сезіміне көркем образ арқылы әсер етеді, оның жарқын толғанысын оятады, әр түрлі сезімдерді қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Сондықтан оқушылармен жұмыс жүргізген кезде, балаларға әсемдігін ашып, олардың рухани бейнелерін байыту үшін, қоғамдық қызметке деген белсенділігін оятып, адамның өмірдегі жақсы мұраттарын бекітуге бөгет болатындармен күрес жүргізу үшін, өнермен шұғылдану жолында әрбір мүмкіндікті пайдалану қажет.

Қоғамның экономикасын, мәдениетін, әлеуметтік, рухани өмірін дамытуда әр адамның жеке тұлғасы, азаматтық келбеті, адамгершілігі отаншылдығы, ұлтжандылығы, еңбекке деген шығармашылық қабілеті мен белсенділігі шешуші роль атқарады. Жас ұрпақты осындай тұлға етіп тәрбиелеуде шебер ұстаз - жетекшінің атқарар жүгі мол. Әрине, бұл жолда тәлім –тәрбие ісін жаңаша ұйымдастыру, жаңа тәрбие бағдарламалары да, тәрбие құралдары да, техникалық жабдықтар да қажет, әрі мәнді. Бәрінен де жас ұрпаққа рухани дүниені дұрыс танытатын, адамдықтың, әлемдік мәдениеттің шырқау шыңына бағдарлайтын музыка пәні мұғалімінің орны бөлек.

А.С.Макаренконың педагогикалық техниканы игерудің маңызын ерекше бағалаған. Өнер институтындағы сияқты педагогикалық оқу орындарында да дауысты қою, сөйлеу, қарау өнерімен таныс болу қажет деп есептеген. Дауысты мұғалімнің жұмыс құралы деп таныған. "Тәрбиенің даусын үйлестіре білуінде де, өзінің бет құбылысын басқара білуінде де педагогикалық шеберлік болады", - деген, ендеше әрбір педагог шеберлікке жетуді мұрат етуі тиіс.

Мұғалімінің күнделікті жұмысында психология мен педагогикадан терең білімді білу, тәрбиенің мақсат- міндеттерін, принциптерін, оқушы- тәсілдерін теориялық тұрғыда түсінуге мүмкіндік тудырады. Сондай -ақ оның ғылым салаларын жақсы білуі, жеке оқушыларға, оқушылар ұжымына дәл мінездеме беруге оқушылардың әрекетіне, құбылыстар мен факторларға дұрыс талдау жасап, тиімді тәрбие әдістерін белгілеуге мүмкіндік тудырады.

Қызығушылығы бар оқушыларды музыкалық – эстетикалық үйірмелерге тарту арқылы оларды зиянды әдеттерге әуестенуден сақтандырамыз.

Әрбір бала тәрбиелеуші педагог маман оқушы тәрбиесіне өз үлесін өз пәні шеңберінде ғана емес, сол шеңбер сыртындағы шығармашылық арқылы жүргізе білуі керек. Сонда ғана оқушы санасна мәдениетті, сауатты, пайдалы тәрбие сіңіре аламыз.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Бегжанова Ж.Е, Сейдина Б.З.

Ы.Алтынсарин ат.

Арқалық педагогикалық институты

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жұмыстарының мазмұны дегеніміз-жеке тұлға қалыптастырудағы адамның шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін меңгеру мен жүйелі білім алуы, іскерлік пен дағдыны игеру, ақыл-ойы мен сезімін дамыту, интеллектуалдық ой-өрісін кеңейту. Нағыз білімді адам деп өзінің ақыл-ойы жетілген, қабілетті, ізденімпаз, өз пікірін дәлелдей алатын, шығармашылықпен іс-әрекет жасайтын дербес, білімді жеке тұлғаны айтамыз.

Жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыру И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин білім беру мазмұнының теориялық тұрғыда білім, іскерлік, дағды жүйесін түсіндіруде, шығармашылық іс-әрекет пен ерікті сезім тәжірибесін меңгеруді ұсынады[1].